

**"Нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану"  
жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық  
жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды  
регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 28 қарашадағы № 196 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану"  
жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану"  
жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану"  
жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану"  
жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. "Нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану"  
жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының Еуразиялық экономикалық комиссиямен ақпараттық өзара іс-қимылды электрондық цифрлық қолтаңба (электрондық қолтаңба) қолданыла отырып жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 90 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 28 қарашадағы  
№ 196 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**"Нотификациялардың бірынғай тізлімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы  
процесін Еуразиялық экономикалық одактың интеграцияланған ақпараттық жүйесі  
құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одактың (бұдан әрі – Одак) құқығын  
құрайтын мынадай халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одак туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Мемлекетаралық ақпараттық өзара  
іс-қимыл кезінде сервистерді және занды күші бар электрондық құжаттарды пайдалану  
тұжырымдамасы туралы" 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 73 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және  
өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру  
кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар  
туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың  
интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын  
бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одак  
шенберіндегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015  
жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары  
туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одак  
шенберіnde Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау  
әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы №63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық  
экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық  
құжаттар алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125  
шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі.

## II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар осы жалпы процестің шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, "Нотификациялардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында өзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің құрауыштарын жобалау, өзірлеу және пысықтау кезінде жалпы процеске қатысушылар қолданады.

## III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін "жалпы процесс ақпараттық объектісінің жай-күйі" деген ұғым жалпы процесс рәсімдерін орындаудың белгілі бір кезеңіндегі ақпараттық объектінің сипаттайтын және жалпы процесс операцияларын орындау кезінде өзгеретін қасиетті білдіреді.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "нотификациялардың бірыңғай тізілімі" және "нотификация" деген ұғымдар Шифрлау (криптографиялық) құралдарын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету туралы ережеде (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне № 9 қосымша) айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы №63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Жалпы процестерді талдау, онтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

## IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Нотификациялардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленуі: Р.LL.O4, 1.0.0. нұсқасы.

## **1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері**

7. Жалпы процестің мақсаттары:

а) Одақта мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары (бұдан әрі – мүше мемлекеттер, уәкілетті органдар) мен Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) арасындағы ақпараттық өзара іс-қымыл механизмдерін жетілдіру есебінен шифрлау (криптографиялық) құралдарды әкелуге және әкетуге қатысты бақылаудың тиімділігін арттыру;

б) мұдделі тұлғаларды Комиссияға келіп түскен тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтерді автоматтандырылған өндөу үшін қол жетімді нысанға аудару есебінен осындағы мәліметтер туралы жедел хабардар ету мүмкіндігін іске асыру болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) шеңберінде Комиссияға уәкілетті органдардан келіп түскен ақпараттың негізінде нотификациялардың бірыңғай тізілімін автоматтрандырылған қалыптастыруды және жүргізуді және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

б) уәкілетті органдардың тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы ақпаратты Комиссияға автоматтандырылған ұсынуын қамтамасыз ету;

в) уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінде пайдалану мақсатында интеграцияланған жүйе арқылы нотификациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтердің автоматтандырылған ұсынылуын қамтамасыз ету;

г) Одақ деректерінің жалпы моделін пайдаланудың негізінде құрылған электрондық құжаттар мен мәліметтердің бірізділенген құрылымдарын пайдалануды қамтамасыз ету ;

д) жалпы процеске қатысушылардың бірыңғай сыйыптауыштар мен анықтамалықтарды пайдалануын қамтамасыз ету.

## **2. Жалпы процеске қатысушылар**

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

### **Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі**

| Кодтық белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|-------|-------------|
| 1                 | 2     | 3           |

|                 |                                      |  |
|-----------------|--------------------------------------|--|
| P.ACT.001       | Комиссия                             | <p>дұрыстығы үшін жауап беретін Комиссияның құрылымдық бөлімшесі;</p> <p>тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтер алады;</p> <p>тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтерді Одақтың порталында жарияланатын нотификациялардың бірыңғай тізіліміне енгізеді;</p> <p>мәліметтер сұрататын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша нотификациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер ұсынады;</p> <p>нотификациялардың бірыңғай тізілімін қарал шығу және тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтерді іздеу үшін мүдделі тұлғаларға қол жетімділік береді</p> |
| P.LL.04.ACT.001 | мәліметтер ұсынатын уәкілетті орган  | <p>мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес нотификацияны тіркеуге уәкілетті, тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтердің толықтығы және дұрыстығы үшін жауап беретін осы мемлекеттің мемлекеттік (ұлттық) қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік билік органы;</p> <p>нотификацияларды тіркеуді жүзеге асырады, нотификацияларды тіркеуден бастартады, нотификациялардың күшін жою туралы шешім кабылдайды;</p> <p>тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады</p>   |
| P.LL.04.ACT.002 | мәліметтер сұрататын уәкілетті орган | <p>өз қызметінде нотификациялардың бірыңғай тізілімінен алынған мәліметтерді пайдаланатын мүше мемлекеттің мемлекеттік (ұлттық) қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік билік органы немесе кедендей рәсімдер жасау және кедендей бақылауды жүзеге асыру кезінде нотификациялардың бірыңғай тізілімінен алынған</p>   |

|                 |               |   |
|-----------------|---------------|---|
|                 |               | мәліметтерді пайдаланатын мүше<br>мемлекеттің мемлекеттік билік<br>органы |
| P.LL.04.ACT.003 | мұдделі тұлға | сыртқы сауда қызметіне<br>катастыру                                       |

### 3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өздерінің тағайындалуы бойынша топтастырылған мынадай рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

- а) нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;
- б) мәліметтер сұратқан уәкілетті органға нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері;
- в) мұдделі тұлғаларға нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде мәліметтер ұсынатын уәкілетті органдардан алынған тіркелген және құші жойылған нотификациялар туралы мәліметтердің негізінде нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру, сондай-ақ нотификациялардың бірынғай тізіліміне енгізілген тіркелген және құші жойылған нотификациялар туралы мәліметтерді мәліметтер сұрататын уәкілетті органдарға және мұдделі тұлғаларға ұсыну жүзеге асырылады.

Нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру кезінде нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:


- а) тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну;
- б) құші жойылған нотификациялар туралы мәліметтер ұсыну.

Мәліметтер сұрататын уәкілетті органдарға мәліметтер ұсыну кезінде мәліметтер сұрататын уәкілетті органдарға нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

- а) нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат ұсыну;
- б) нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер ұсыну;
- в) нотификациялардың бірынғай тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат ұсыну.

Мұдделі тұлғаларға мәліметтер ұсыну кезінде мұдделі тұлғаларға нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері тобына енгізілген "Одақтың ақпараттық порталы арқылы нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер алу" рәсімі орындалады.

12. Келтірілген жалпы процесс құрылымының сипаттамасы 1-суретте көрсетілген.



### 1-сурет. Жалпы процестің күрылымы

13. Операциялардың нақтыланған сипаттамасын қоса алғанда, өз тағайындалуы бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процестің рәсімдері мен оларды орындау тәртібінің арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML графикалық нотациясы (модельдеудің біріздендірілген тілі – Unified Modeling Language) пайдаланыла отырып күрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

### 4. Нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау нотификациялардың бірынғай тізілімінің ұлттық бөлігінде қамтылған мәліметтерді қосу немесе олардың күшін жою туралы ақпаратты Комиссия алған сэттен басталады.

Нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау кезінде мәліметтерді ұсынатын уәкілетті орган нотификациялардың бірынғай тізілімінің ұлттық бөлігінде қамтылған тіркелген немесе күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға ұсынады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 28 қарашадағы № 196 шешімімен бекітілген "Нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі


құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 28 қарашадағы № 196 шешімімен бекітілген "Нотификациялардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Тіркелген нотификация туралы мәліметтерді енгізу кезінде "Тіркелген нотификация туралы мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P.LL.04.PRC.001) орындалады.

Нотификациялардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтердің қүшін жою кезінде "Күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P.LL.04.PRC.002) орындалады.

16. Нотификациялардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Нотификациялардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Нотификациялардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

## 2-кесте

### Нотификациялардың бірынғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

| Кодтық белгіленуі | Атауы   | Сипаттамасы  |
|-------------------|---|--|
| 1                 | 2   | 3  |
| P.LL.04.PRC.001   | тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну     | рәсім мәліметтер ұсынатын уәкілетті органның Комиссияға тіркелген нотификация туралы мәліметтер беруіне арналған     |
| P.LL.04.PRC.002   | күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну | рәсім мәліметтер ұсынатын уәкілетті органның Комиссияға күші жойылған нотификация туралы мәліметтер беруіне арналған |

### 5. Мәліметтер сұрататын уәкілетті органдарға нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері тобы

18. Мәліметтер сұрататын уәкілетті органдарға нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері мәліметтер сұрататын уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салуды алу кезінде орындалады.

Мәліметтер сұрататын уәкілетті органдарға нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдерін орындау шенберінде уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінен келіп түскен сұрау салулардың мынадай түрлері өндөледі:

- нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратты сұрату;
- нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер сұрату;
- нотификациялардың бірынғай тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты сұрату.


Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат сұратуды мәліметтер сұрататын уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде сақталатын, нотификациялардың бірынғай тізіліміне енгізілген нотификациялар туралы мәліметтерді нотификациялардың бірынғай тізілімінде қамтылған және Комиссияда сақталатын мәліметтермен үндестіру қажеттігін бағалау мақсатында мәліметтер сұрататын уәкілетті орган орындейды. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат алу" рәсімі (P.LL.04.PRC.003) орындалады.

Бірынғай тізілімнен мәліметтер сұратуды мәліметтер сұрататын уәкілетті органның Комиссияда сақталатын, нотификациялардың бірынғай тізіліміне енгізілген тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтер алыны мақсатында орындалады. Нотификациялардың бірынғай тізілімінде қамтылған мәліметтер не толық

көлемде (тарихи деректер ескеріле отырып), не белгілі бір күнгі жағдайы бойынша сұратылады. Нотификациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді толық көлемде сұрату тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтерді мәліметтер сұрататын уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне бастапқы жүктеу кезінде, мысалы, жалпы процесті инициализациялау, оған жалпы процестің жаңа қатысушысын қосу, іркілістен кейін ақпаратты қалпына келтіру кезінде пайдаланылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Нотификациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер алу" рәсімі (P.LL.04.PRC.004) орындалады.

Нотификациялардың бірыңғай тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты сұрату кезінде нотификациялардың бірыңғай тізіліміне қосылған, күші жойылған немесе сұрау салуда көрсетілген сәттен бастап осы сұрау салу орындалған сәтке дейін оларға өзгерістер енгізілген мәліметтер ұсынылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Нотификациялардың бірыңғай тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" рәсімі (P.LL.04.PRC.005) орындалады.

19. Мәліметтер сұрататын уәкілетті органның нотификациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер ұсынуы рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Мәліметтер сұрататын уәкілетті органның нотификациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер ұсынуы рәсімдер тобының жалпы схемасы

20. Мәліметтер сұрататын уәкілетті органның нотификациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер ұсынуы рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

## **Мәліметтер сұрататын уәкілетті органның нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер ұсынуы рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

| Кодтық белгіленуі | Атауы  | Сипаттамасы   |
|-------------------|--|---|
| 1                 | 2  | 3   |
| P.LL.04.PRC.003   | нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат алу | рәсім мәліметтер сұрататын уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде сақталатын, нотификациялардың бірынғай тізіліміне енгізілген тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтерді нотификациялардың бірынғай тізілімінде қамтылған мәліметтермен үндестіру қажеттігін мәліметтер сұрататын уәкілетті органның бағалауына арналған |
| P.LL.04.PRC.004   | нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер алу                            | рәсім нотификациялардың бірынғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді алуға арналған  |
| P.LL.04.PRC.005   | нотификациялардың бірынғай тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу   | рәсім мәліметтер сұрататын уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде сақталатын, нотификациялардың бірынғай тізіліміне енгізілген тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтерді нотификациялардың бірынғай тізілімінде қамтылған мәліметтермен үндестіруге арналған   |


### **6. Мұдделі тұлғаларға нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері тобы**

21. Мұдделі тұлғаларға нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы орындалады.

Мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталы арқылы ұсыну кезінде осы порталдың веб-интерфейсі не осы порталға орналасқан сервистер пайдаланылады. Веб-интерфейсті пайдалану кезінде пайдаланушы браузердің терезесіне нотификациялардың бірінғай тізілімінде қамтылған іздестіру және (немесе) мәліметтерді шығарып алу параметрлерін жүктейді, браузердің терезесінде көрсетілген, нотификациялардың бірынғай тізілімінен алынған ақпаратпен жұмысты жүзеге асырады.

Одақтың ақпараттық порталында орналасқан сервистерді пайдалану кезінде өзара іс-қимыл мүдделі тұлғаның ақпараттық жүйесі мен Одақтың ақпараттық порталының арасында жүзеге асырылады.

22. Мүдделі тұлғаларға нотификациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. Мүдделі тұлғаларға нотификациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Мүдделі тұлғаларға нотификациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

#### **Мүдделі тұлғаларға нотификациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

| Кодтық белгіленуі | Атауы   | Сипаттамасы  |
|-------------------|---|--|
| 1                 | 2   | 3  |
| P.LL.04.PRC.006   | Одақтың ақпараттық порталы арқылы нотификациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер алу | рәсім Одақтың ақпараттық порталының веб-интерфейсін не осы порталға орналастырылған сервистерді пайдалана отырып, осы портал арқылы нотификациялардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді алуға арналған |

#### **V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері**

24. Жалпы процеске қатысушылардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

#### **Ақпараттық объектілердің тізбесі**

| Кодтық белгіленуі | Атауы                              | Сипаттамасы   |
|-------------------|------------------------------------|---|
| 1                 | 2                                  | 3   |
| P.LL.04.BEN.001   | нотификациялардың бірынғай тізлімі | тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтерді қамтитын бірынғай ақпараттық ресурс |

#### **VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі**

25. Мәліметтер берудің уақтылылығын және толықтырын қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын Комиссияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, сондай-ақ уәкілетті органдардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін – мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары**

26. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

#### **Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі**


| Кодтық белгіленуі | Атауы                           | Түрі       | Сипаттамасы   |
|-------------------|---------------------------------|------------|---|
| 1                 | 2                               | 3          | 4   |
| P.CLS.001         | әлем елдерінің сыныптауышы      | сыныптауыш | елдердің атауларының тізбесін және олардың тиісті кодтарын қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады) |
| P.CLS.009         | өлшем бірліктерінің сыныптауышы | сыныптауыш | БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының № 20 ұсынымына сәйкес өлшем бірліктері   |

|           |  |            |  |
|-----------|--|------------|--|
|           |  |            | кодтарының және атауларының тізбесін қамтиды                                       |
| P.CLS.024 | тілдер сыныптауышы                                       | сыныптауыш | ISO 639-1 стандартына сәйкес тілдердің атауларын және олардың кодтарын қамтиды     |
| P.CLS.051 | жеке басты күэландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышы | сыныптауыш | жеке басты күэландыратын құжаттар түрлерінің кодтары мен атаулары тізбесін қамтиды |

### VIII. Жалпы процестің рәсімдері

#### 1. Нотификациялардың бірынғай тізбесін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері "Тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну" рәсімі (P.LL.04.PRC.001)

27. "Тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну" рәсімін (P.LL.04.PRC.001) орындау схемасы 5-суретте көрсетілген.



5-сурет. "Тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну" рәсімін (P.LL.04.PRC.001) орындау схемасы

28. "Тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну" рәсімі (P.LL.04.PRC.001) мәліметтер ұсýнатын уәкілді орган нотификацияны тіркегеннен кейін орындалады.

29. Алдымен "Тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну" операциясы (P.LL.04.PRC.001) орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша мәліметтер ұсýнатын

уәкілетті орган нотификациялардың бірыңгай тізіліміне енгізу үшін тіркелген нотификация туралы мәліметтер қалыптастырады және оларды Комиссияға ұсынады.

30. Комиссия тіркелген нотификация туралы мәліметтерді алған кезде "Тіркелген нотификация туралы мәліметтерді қабылданап алу және өндеу" операциясы (P.LL.04.OPR.002) орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша көрсетілген мәліметтерді қабылданап алу және өндеу, жариялау күнін көрсету және оларды нотификациялардың бірыңгай тізіліміне енгізу жүзеге асырылады. Мәліметтер ұсынатын уәкілетті органға тіркелген нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама жіберіледі.

31. Мәліметтер ұсынатын уәкілетті орган тіркелген нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарламаны алған кезде "Тіркелген нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама алу" операциясы (P.LL.04.OPR.003) орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылданап алу және өндеу жүзеге асырылады.

32. "Тіркелген нотификация туралы мәліметтерді қабылданап алу және өндеу" операциясы (P.LL.04.OPR.002) орындалғаннан кейін "Нотификациялардың бірыңгай тізіліміне енгізілген мәліметтерді жариялау" операциясы (P.LL.04.OPR.004) орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша нотификациялардың жаңартылған бірыңгай тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

33. Комиссияның тіркелген нотификация туралы мәліметтерді нотификациялардың бірыңгай тізіліміне енгізуі және нотификациялардың бірыңгай тізілімін Одақтың ақпараттық порталына жариялауы "Тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну" рәсімінің (P.LL.04.PRC.001) орындалу нәтижесі болып табылады.

34. "Тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну" рәсімінің (P.LL.04.PRC.001) шенберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

#### 7-кесте

#### "Тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну" рәсімінің (P.LL.04.PRC.001) шенберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

| Кодтық белгіленуі | Атауы   | Сипаттамасы                                |
|-------------------|---|--|
| 1                 | 2   | 3  |
| P.LL.04.OPR.001   | тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну                             | осы Қагидалардың 8-кестесінде келтірілген  |
| P.LL.04.OPR.002   | тіркелген нотификация туралы мәліметтерді қабылданап алу және өндеу       | осы Қагидалардың 9-кестесінде келтірілген  |
| P.LL.04.OPR.003   | тіркелген нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама алу | осы Қагидалардың 10-кестесінде келтірілген |
|                   |   |  |

|                 |  |  |
|-----------------|--|--|
| P.LL.04.OPR.004 | нотификациялардың бірыңгай тізіліміне енгізілген мәліметтерді жариялау | осы Қағидалардың 11-кестесінде көлтірілген |
|-----------------|--|--|

8-кесте

### "Тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну" операциясының (P.LL.04.OPR.001) сипаттамасы

| P/c № | Элементтің белгіленуі   | Сипаттамасы  |
|-------|-------------------------|--|
| 1     | 2                       | 3  |
| 1     | Кодтық белгіленуі       | P.LL.04.OPR.001  |
| 2     | Операцияның атауы       | тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну  |
| 3     | Орындаушы               | мәліметтер ұсынатын уәкілетті орган  |
| 4     | Орындау шарттары        | нотификация тіркелгеннен кейін орындалады  |
| 5     | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы<br>Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтарының және құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-кимыл регламентіне сәйкес тіркелген нотификация туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға ұсынады          |
| 7     | Нәтижелер               | тіркелген нотификация туралы мәліметтер Комиссияға ұсынылды  |

9-кесте

### "Тіркелген нотификация туралы мәліметтерді қабылдап алу және өндөу" (P.LL.04.OPR.002) операциясының сипаттамасы

| P/c № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы  |
|-------|-----------------------|--|
| 1     | 2                     | 3  |
| 1     | Кодтық белгіленуі     | P.LL.04.OPR.002  |
| 2     | Операцияның атауы     | тіркелген нотификация туралы мәліметтерді қабылдап алу және өндөу  |
| 3     | Орындаушы             | Комиссия   |
| 4     | Орындау шарттары      | орындаушы тіркелген нотификация туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Тіркелген нотификация туралы мәліметтер ұсыну" операциясы ( P.LL.04.OPR.001)) |

|   |                         |   |
|---|-------------------------|---|
| 5 | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтарының және құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.<br>Электрондық құжаттың деректемелері (мәліметтер) Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы тіркелген нотификация туралы мәліметтердің қабылдану ауды және өндөудің жүзеге асырады және мәліметтер ұсынатын уәкілетті органға тіркелген нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама жібереді  |
| 7 | Нәтижелер               | тіркелген нотификация туралы мәліметтер өндөлді, тіркелген нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама мәліметтер ұсынатын уәкілетті органға жіберілді  |

10-кесте

**"Тіркелген нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама алу" (P.LL.04. OPR.003) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы  |
|-------|-----------------------|--|
| 1     | 2                     | 3  |
| 1     | Кодтық белгіленуі     | P.LL.04.OPR.003  |
| 2     | Операцияның атауы     | тіркелген нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама алу  |
| 3     | Орындаушы             | мәліметтер ұсынатын уәкілетті орган  |
| 4     | Орындау шарттары      | орындаушы тіркелген нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Тіркелген нотификация туралы мәліметтердің қабылдану алу және өндөуде" операциясы (P.LL.04.OPR.002) |
| 5     | Шектеулер             | хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтарының және құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс   |

|   |                         |  |
|---|-------------------------|--|
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-кимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдап алуды және өндөуді жүзеге асырады |
| 7 | Нәтижелер               | тіркелген нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама өндөлді                                  |


11-кесте

**"Нотификациялардың бірыңғай тізіліміне енгізілген мәліметтерді жариялау" (P.LL.04.OPR.004) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементтің белгіленуі   | Сипаттамасы  |
|-------|-------------------------|--|
| 1     | 2                       | 3  |
| 1     | Кодтық белгіленуі       | P.LL.04.OPR.004  |
| 2     | Операцияның атауы       | нотификациялардың бірыңғай тізіліміне енгізілген мәліметтерді жариялау   |
| 3     | Орындаушы               | Комиссия   |
| 4     | Орындау шарттары        | мәліметтер нотификациялардың бірыңғай тізіліміне енгізілгеннен кейін орындалады ("Тіркелген нотификация туралы мәліметтерді қабылдап алу және өндөу" операциясы (P.LL.04.OPR.002)) |
| 5     | Шектеулер               | –  |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы мәліметтерді нотификациялардың бірыңғай тізілімінің мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді   |
| 7     | Нәтижелер               | тіркелген нотификация туралы мәліметтерді қамтитын нотификациялардың бірыңғай тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланды  |

**"Күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну" ресімі (P.LL.04.PRC.002)**

43. "Күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну" ресімінің (P.LL.04.PRC.002) орындалу схемасы 6-суретте көрсетілген



6-сурет. "Күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну" рәсімінің (P.LL.04.PRC.002) орындалу схемасы

44. "Күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну" рәсімі (P.LL.04.PRC.002) мәліметтер ұсынатын уәкілді орган бұрын тіркелген нотификацияның күшін жойған жағдайда орындалады.

45. Алдымен "Күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну" операциясы (P.LL.04.PRC.002) орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша мәліметтер ұсынатын уәкілді орган бұрын тіркелген нотификацияның күші жойылғаны туралы мәліметтер қалыптастырады және оларды Комиссияға ұсынады.

46. Комиссия күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді алған кезде "Күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді қабылдап алу және өндеу" операциясы (P.LL.04.OPR.06) орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша көрсетілген мәліметтерді қабылдап алу және өндеу және оларды нотификациялардың бірынғай тізілімінен алып тастау жүзеге асырылады. Мәліметтер ұсынатын уәкілді органға күші жойылған нотификация туралы мәліметтердің өндөлгөн туралы хабарлама жіберіледі.

47. Мәліметтер ұсынатын уәкілді орган күші жойылған нотификация туралы мәліметтердің өндөлгөн туралы хабарламаны алған кезде "Күші жойылған нотификация туралы мәліметтердің өндөлгөн туралы хабарлама алу" операциясы (P.LL.04.OPR.07) орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдап алу және өндеу жүзеге асырылады.

48. "Күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді қабылдап алу және өндеу" операциясы (P.LL.04.OPR.08) орындалғаннан кейін "Нотификациялардың жаңартылған бірынғай тізілімін жариялау" операциясы (P.LL.04.OPR.09) орындалады, оның

орындалуы нәтижелері бойынша нотификациялардың жаңартылған бірыңғай тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

49. Комиссияның мәліметтерді нотификациялардың бірыңғай тізілімінен алып тастауы, нотификациялардың бірыңғай тізілімінің мәліметтерін жаңарту және нотификациялардың жаңартылған бірыңғай тізілімін Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну" ресімінің (P.LL.04.PRC.002) орындалу нәтижесі болып табылады.

50. "Күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну" ресімінің (P.LL.04.PRC.002) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 12-кестеде көлтірілген.

#### 12-кесте

#### **"Күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну" ресімінің (P.LL.04.PRC.002) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

| Кодтық белгіленуі | Атауы   | Сипаттамасы                                |
|-------------------|---|--|
| 1                 | 2   | 3  |
| P.LL.04.OPR.005   | күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну                             | осы Қагидалардың 13-кестесінде көлтірілген |
| P.LL.04.OPR.006   | күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді қабылдан алу және өндөу         | осы Қагидалардың 14-кестесінде көлтірілген |
| P.LL.04.OPR.007   | күші жойылған нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама алу | осы Қагидалардың 15-кестесінде көлтірілген |
| P.LL.04.OPR.008   | нотификациялардың жаңартылған бірыңғай тізілімін жариялау                     | осы Қагидалардың 16-кестесінде көлтірілген |

#### 13-кесте

#### **"Күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну" (P.LL.04.OPR.005) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы   |
|-------|-----------------------|---|
| 1     | 2                     | 3   |
| 1     | Кодтық белгіленуі     | P.LL.04.OPR.005   |
| 2     | Операцияның атауы     | күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну                       |
| 3     | Орындаушы             | мәліметтер ұсынатын уәкілетті орган                                     |
| 4     | Орындау шарттары      | бұрын тіркелген нотификацияның күші жойылған жағдайда орындалады        |
|       |                       | ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен |

|   |                         |  |
|---|-------------------------|--|
| 5 | Шектеулер               | мәліметтер форматтарының және құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс  |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-кимыл регламентіне сәйкес күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады |
| 7 | Нәтижелер               | күші жойылған нотификация туралы мәліметтер Комиссияға ұсынылды  |

#### 14-кесте

#### "Күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді қабылдан алу және өндөу" (P.LL.04.OPR.006) операциясының сипаттамасы

| P/c № | Элементтің белгіленуі   | Сипаттамасы  |
|-------|-------------------------|--|
| 1     | 2                       | 3  |
| 1     | Кодтық белгіленуі       | P.LL.04.OPR.006  |
| 2     | Операцияның атауы       | күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді қабылдан алу және өндөу  |
| 3     | Орындаушы               | Комиссия   |
| 4     | Орындау шарттары        | орындаушы күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді алған кезінде орындалады ("Күші жойылған нотификация туралы мәліметтер ұсыну" (P.LL.04.OPR.005) операциясы)  |
| 5     | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтарының және құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.<br>Электрондық құжаттың деректемелері (мәліметтер)<br>Ақпараттық өзара іс-кимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді қабылдан алады және өндөуді жүзеге асырады және мәліметтер ұсынатын уәкілетті органға күші жойылған нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама жібереді   |

|   |           |  |
|---|-----------|--|
| 7 | Нәтижелер | күші жойылған нотификация туралы мәліметтер өндөлді, күші жойылған нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама мәліметтер ұсынатын уәкілдегі органға жіберілді |
|---|-----------|--|

15-кесте

**"Күші жойылған нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама алу" (P.LL.04.OPR.007) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементтің белгіленуі   | Сипаттамасы   |
|-------|-------------------------|---|
| 1     | 2                       | 3   |
| 1     | Кодтық белгіленуі       | P.LL.04.OPR.007   |
| 2     | Операцияның атауы       | күші жойылған нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама алу   |
| 3     | Орындаушы               | мәліметтер ұсынатын уәкілдегі орган   |
| 4     | Орындау шарттары        | орындаушы күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу" (P.LL.04.OPR.006) операциясы) |
| 5     | Шектеулер               | хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтарының және құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс  |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Акпараттық өзара іс-кимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдауды жүзеге асырады   |
| 7     | Нәтижелер               | күші жойылған нотификация туралы мәліметтердің өндөлгені туралы хабарлама өндөлді   |

16-кесте

**"Нотификациялардың жаңартылған бірыңғай тізілімін жариялау" (P.LL.04.OPR.008) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы   |
|-------|-----------------------|---|
| 1     | 2                     | 3   |
| 1     | Кодтық белгіленуі     | P.LL.04.OPR.008   |
| 2     | Операцияның атауы     | нотификациялардың жаңартылған бірыңғай тізілімін жариялау |

| 3 | Орындаушы               | Комиссия  |
|---|-------------------------|---|
| 4 | Орындау шарттары        | нотификациялардың бірыңғай тізлімінен күші жойылған нотификация алып тасталғаннан кейін орындалады ("Күші жойылған нотификация туралы мәліметтерді қабылдан алу және өндөу" (P.LL.04.OPR.006) операциясы) |
| 5 | Шектеулер               | –   |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы нотификациялардың жаңартылған бірыңғай тізлімін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді   |
| 7 | Нәтижелер               | нотификациялардың жаңартылған бірыңғай тізлімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланды   |

## 2. Мәліметтер сұрататын уәкілетті органдарға нотификациялардың бірыңғай тізлімінен мәліметтер ұсыну рәсімдері

"Нотификациялардың бірыңғай тізлімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат алу" рәсімі (P.LL.04.PRC.003)

51. "Нотификациялардың бірыңғай тізлімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат алу" рәсімінің (P.LL.04.PRC.003) орындалу схемасы 7-суретте көрсетілген.



7-сурет. "Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат алу" рәсімінің (P.LL.04.PRC.003) орындалу схемасы

52. "Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат алу" рәсімі (P.LL.04.PRC.003) мәліметтер сұрататын уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде сақталатын мәліметтерді Комиссияда сақталатын нотификациялардың бірынғай тізіліміндегі тиісті мәліметтермен үндестіру қажеттігін бағалау мақсатында орындалады.

53. Алдымен "Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратты сұрату" операциясы (P.LL.04.OPR.009) орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша мәліметтер ұсынатын уәкілетті орган нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат алуға сұрау салу қалыптастырады және оны Комиссияға жібереді.

54. Комиссия нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат сұратуды алған кезде "Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат ұсыну" операциясы (P.LL.04.OPR.010) орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша нотификациялардың бірынғай тізілімін соңғы жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат қалыптастырылады және ол мәліметтер сұрататын уәкілетті органға ұсынылады.

55. Мәліметтер сұрататын уәкілетті орган нотификациялардың бірынғай тізілімін соңғы жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратты алған кезде "Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратты қабылдап алу және өндеу" операциясы (P.LL.04.OPR.011) орындалады.

56. Мәліметтер сұрататын уәкілетті органның нотификациялардың бірынғай тізілімін соңғы жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратты алуы "Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат алу" рәсімінің (P.LL.04.PRC.003) орындалу нәтижесі болып табылады.

57. "Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат алу" рәсімінің (P.LL.04.PRC.003) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде келтірілген.

## 17-кесте

**"Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат алу" рәсімінің (P.LL.04.PRC.003) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

| Кодтық белгіленуі | Атауы   | Сипаттамасы                                |
|-------------------|---|--|
| 1                 | 2   | 3  |
| P.LL.04.OPR.009   | нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат сұрату | осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген |

|                 |  |  |
|-----------------|--|--|
| P.LL.04.OPR.010 | нотификациялардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат ұсыну                     | осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген |
| P.LL.04.OPR.011 | нотификациялардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратты қабылдап алу және өндөу | осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген |

18-кесте

**"Нотификациялардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат сұрату"  
(P.LL.04.OPR.009) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементтің белгіленуі   | Сипаттамасы   |
|-------|-------------------------|---|
| 1     | 2                       | 3   |
| 1     | Кодтық белгіленуі       | P.LL.04.OPR.009   |
| 2     | Операцияның атауы       | нотификациялардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат сұрату   |
| 3     | Орындаушы               | мәліметтер сұрататын уәкілетті орган  |
| 4     | Орындау шарттары        | нотификациялардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы мәліметтерді орындаушының алу қажеттігі кезінде орындалады   |
| 5     | Шектеулер               | Мәліметтер сұратудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтарының және құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс  |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-кимыл регламентіне сәйкес нотификациялардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат алуға сұрау салу қалыптастырады және оны Комиссияға жібереді |
| 7     | Нәтижелер               | нотификациялардың бірыңғай тізілімін соңғы жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу Комиссияға жіберілді  |

19-кесте

**"Нотификациялардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат ұсыну"  
(P.LL.04.OPR.010) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы |
|-------|-----------------------|-------------|
| 1     | 2                     | 3           |

|   |                         |   |
|---|-------------------------|---|
| 1 | Кодтық белгіленуі       | P.LL.04.OPR.010   |
| 2 | Операцияның атауы       | нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат ұсыну  |
| 3 | Орындаушы               | Комиссия  |
| 4 | Орындау шарттары        | орындаушы нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратка сұрау салуды алған кезде орындалады ("Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат сұрату" (P.LL.04.OPR.009) операциясы) |
| 5 | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтарының және құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс   |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алғынған сұрау салуды қабылдауды және өндөрді жүзеге асырады, сұрау салуга жауап қалыптастырады және оны мәліметтер сұрататын уәкілетті органға ұсынады                                   |
| 7 | Нәтижелер               | нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат мәліметтер сұрататын уәкілетті органға ұсынылды  |

20-кесте


#### "Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратты қабылдап алу және өндөу" (P.LL.04.OPR.011) операциясының сипаттамасы

| P/c № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы  |
|-------|-----------------------|--|
| 1     | 2                     | 3  |
| 1     | Кодтық белгіленуі     | P.LL.04.OPR.011  |
| 2     | Операцияның атауы     | нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратты қабылдап алу және өндөу |
| 3     | Орындаушы             | мәліметтер сұрататын уәкілетті орган   |
|       |                       | орындаушы нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратты               |

|   |                         |   |
|---|-------------------------|---|
| 4 | Орындау шарттары        | алған кезде орындалады ("Нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат ұсыну" (P.LL.04.OPR.010) операциясы)            |
| 5 | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтарының және құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратты алады және оны өндеуді жүзеге асырады                        |
| 7 | Нәтижелер               | нотификациялардың бірынғай тізілімін жаңарту күні және уақыты туралы ақпарат өндедлі  |

#### "Нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер алу" ресімі (P.LL.04.PRC.004)

58. "Нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер алу" ресімінің (P.LL.04.PRC.004) орындалу схемасы 8-суретте көрсетілген.



8-сурет. "Нотификациялардың бірынғай тізілімінен мәліметтер алу" ресімінің (P.LL.04.PRC.004) орындалу схемасы

